

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК салымшылары өз жинақтары туралы ақпаратты қалай алады?

Өзінің жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірме алу – БЖЗК салымшыларының (алушыларының) заң жүзінде бекітілген құқығы. Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты келесі тәсілдермен алуға болады:

электрондық тәсілмен:

- БЖЗК-ға ұсынылған электрондық пошта арқылы;
- жеке кабинет арқылы;

**БЖЗК кеңсесіне тікелей өзі келгенде;
пошта байланысы арқылы.**

Бәрінен де enpf.kz сайты немесе БЖЗК мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы хабарлау әдісі ең көп сұранысқа ие. Бұл хабарлау тәсілін 6,3 млн-нан астам ЖЗШ иесі пайдаланған, аталған көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 20 есеге артық.

Зейнетақы жинақтарының ахуалы туралы ақпаратты қашықтан алудың тағы бір форматы – салымшы (алушы) өзі таңдаған кестеге сәйкес (ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын) БЖЗК-ға ұсынған мекенжайға ЖЗШ-дан үзінді-көшірме алу. Қазіргі уақытта кесте тандалмайды, әдепкі жағдайда жыл сайын деп белгіленеді. Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығының басында 800 мыңға жуық адам хабарлаудың осы тәсілін таңдады.

Қазір БЖЗК-да зейнетақы жарналарының барлық түрі бойынша ЖЗШ өтінішсіз ашылуда. ЖЗШ ашқан кезде БЖЗК-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәсілі «БЖЗК-ға өзі келіп өтініш жасаған кезде» деп автоматты түрде белгіленеді, оны салымшы (алушы) өз бетінше өзгертуге құқылы.

Ақпарат алу тәсілін анықтау немесе өзгерту мақсатында салымшы (алушы) тиісті келісімді БЖЗК кеңсесінде немесе БЖЗК сайтында жасауы қажет. Ескере кететін жәйттар:

- БЖЗК сайтында бір ғана – «жеке кабинет арқылы» хабарлау әдісін таңдауға болады;
- салымшы (алушы) ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗК-ның сайты мен мобильді қосымшасы және электрондық үкімет арқылы келісім жасаспай-ақ ала алады.

Бөлімшеге келіп тікелей жүгіну тәсілі әлі де танымалдығын жоғалтқан жоқ. БЖЗК кеңселерінде 3,1 миллионнан астам салымшы жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алды.

Дәстүрлі пошта байланысы арқылы ЖЗШ-дан үзінді көшірмесін алуды жөн көретін салымшылардың (алушылардың) саны айтарлықтай азайған – шамамен 1 млн. Мәселен, 2014 жылдың маусымында бұл көрсеткіш 4 млн-ға жетіп, қазіргіден 4 есе көп болатын. Ескерте кететін жәйт, егер салымшы (алушы) осындай хабарлау тәсілін таңдаса, БЖЗК міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістерді, оның ішінде тұрғылықты мекенжайының өзгергені туралы хабарды күнтізбелік 10 күн ішінде Қорға хабарлауы қажет.

Зейнетақы жарналарының уақытылы аударылғанына сенімді болып, әрі өз болашағыңызды жоспарлау үшін зейнетақы жинақтарын өзіңізге ыңғайлы кез келген тәсілмен үнемі тексеріп отыру қажеттігі жөнінде БЖЗК тағы да ескертеді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңсесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).